



**EGE ÜNİVERSİTESİ
TÜRK DÜNYASI ARAŞTIRMALARI ENSTİTÜSÜ**

**«6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Елшібаева Калима Зәкірқызының
«Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі»
атты диссертациясына шетелдік кеңесшінің**

ПІКІРІ

Жаһандық үрдістер ұлттар мәдениеті мен руханиятына үлкен өзгерістер әкеліп жатыр. Ғаламдық тұтасу, әлемдік жаңа қатынастар ұлттардың өз руханиятының ең басты өзегі – тілі. Мәдениеттің негізгі бастауы тіл қатысудан басталады. Сондықтан да болар, қазақ тілінде де сөздің астармен, әдеппен жетуі басты назарда ұсталынады.

Шаршысөз мәдениеті мен шешендік өнер туралы зерттеулер қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында түрлі қырынан зерттеу нысаны ретінде алынғаны белгілі. Қазіргі кезеңде тіл біліміндегі жаңа бағыт антропоэзектік ұстанымы тілдің ең маңызды танымдық, қатысымдық қызметін жан-жақты талдауға бағытталады. Осы тұрғысынан зерттеу жұмысы тіл білімінің өзекті мәселелерінің біріне құрылған. Ізденуші Қ.З.Елшібаеваның (PhD) философия докторы академиялық дәрежесін алу үшін дайындаған «Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі» атты зерттеу жұмысы қойылатын барлық талаптарға сай жазылған. Диссертацияны шаршысөз дискурсының когнитивті-прагматикалық, лингвопрагматикалық қырларын зерттеу бойынша алғашқы зерттеу еңбек деп бағалауға болады.

«Шаршы сөз дискурсының когнитивті және лингвомәдени сипаты» деп аталатын бірінші тарауда когнитивтік ғылым – кешенді ғылым, ал когнитивтік лингвистика – тілге жалпы танымдық тетіктерді пайдалануға жол беретін бағыт екендігіне баса назар аударылады. Осыған сәйкес, қазіргі тіл білімінде тіл арқылы орнайтын адам мен әлем арасындағы қатынас және танымдық көріністі кешенді мәселе ретінде қарастырған. Ізденуші тілдік тұлға, оның моделі, мәтін мен дискурстағы тілдік тұлғаның орны, тілдік тұлғаның қалыптасуы, тіл біліміндегі прагмалингвистикалық бағыттың ерекшеліктері, лингвомәдени айқындаушы адамның бейнелеу әрекетінің бір түрі ретінде тілдік таным мәселелерін отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, өзіндік тұжырым жасайды. Шаршы сөздің коммуникативтік және жанрлық ерекшеліктерін атап көрсетеді.

«Шешендік дискурстың ерекшелігі» деп аталатын екінші тарауда шарша топта сөйлеудің ерекшеліктері нақтыланып, мазмұны тілдік фактілермен дәлелденеді. Шаршысөзде қолданылатын стратегиялар мен тактикаларды атап көрсетеді. Шешендік дискурстың функциясын танымдық, идеялық және әлеуметтік құндылық жағынан қызметтерін саралап, талдау жүргізеді. Шаршы топта сөйлеудің түрлері, қазақы шешендік өнердің маңызды қырлары түсіндіріледі. Сондай-ақ шешендік сөзді жіктеу мәселесіндегі ғалымардың пікірлерін тұжырымдай келе, шешендік сөздің өзіндік ерекшеліктерін анықтайды. Зерттеуде атап кететін маңызды жайттардың бірі – диссертанттың қазіргі заманғы шешендік тұлға моделін жасауға талпынуы. Автор шешендік түрлерін әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік, академиялық шешендік, сотта айтылатын шешендік, әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік, діни шешендік деп жіктей отырып, олардың әрбіреуінің мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктерін ашады.

Сан-салалы қауым тіршілігін басқару, мемлекеттік жүйені құру, мемлекеттік сана қалыптастыру, оның басты қағидаттарын негіздеп, қоғам мүшелеріне түсіндіру үлкен табандылықты, жауапкершілік пен интеллектуалдық әлеуетті, ең бастысы, шешендік қабілетті талап етеді. Осы орайда зертеу жұмысының маңызды қырларының бірі – Елбасы дискурсы, оның мәні мен ерекшеліктері туралы зерттеуі. Мұнда Қазақстан Республикасың Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тілдік тұлғасын анықтап сипаттайды. Оның ұлттық құндылықтарды танытатын афоризмдерінің тақырыптық топтамасын жасап көрсетеді. Президенттік дискурты зерттеудің тәсілдерін нақтылайды.

«Шаршы сөз дискурсының композициялық-стистикалық және просодикалық ерекшелігі» тарауында көпшілік алдында сөйленер сөздің өтімді болуы үшін материал жинау, ол материалдарды қалай орналастыру, сөздің басталуы, жалғасуы мен аяқталуы, сөйленетін сөздің құрылымын түзу, сөздің жүйесі, сөзді тыңдата білу әдістері сияқты келелі мәселерге тоқталады. Сонымен қатар шешен имиджі мен стилін, сөйлеу техникасы, шешенге қойылаын талартарды саралайды. Просодикалық және кинесикалық құралдардың шаршысөзге әсерін, яғни дыбыс күші, жауыс, дыбыс жылдамдылығы, дауыс тембрі, дауыстың қарқындылығы сияқты кәсіби сөйлеу дағдысының басты ерекшеліктерін нақтылап көрсетеді. Шаршысөз дискурсындағы таныстырылым жасаудың прагматикалық сипатын айқын көрсетеді. Әзіл-сықақтың миссиясы тек қана күлдірумен шектелмейтінін, оның қоғамда атқаратын өзге де қызметтері бар екендігін осы тараудың «Шаршы сөз дискурсында қолданылатын қалжыңның рөлі» деп аталатын бөлімінде мысал келтіре отырып талқылаған.

Қорытынды: Өркениетті елде, бәсекелі ортада, кәсіби мамандықта шешендікке, яғни ойлау, тіл, сөйлеу мәдениетіне деген сұраныс артуда. Осы талапқа орай диссертациялық жұмыста шаршысөз дискурсының өрнегі жан-жақты қарастырылған. Шаршысөздегі тіл, діл, дін арақатынасы, қазақ шешендігіндегі идеялық айтыс-тартыстар, тұлғалық ой жарысы, тілдесудің қисыны, сұхбаттасу мәселелері де қарастырылған. Зерттеу жұмысы көздеген

мақсатына жеткен, ғылыми жетістіктері, лингвистикалық прагматика, сөз мәдениеті, дискурс теориясының аспектілерін нақтылай түсуде үлесі бар маңызды еңбек деп бағалауға болады.

Көрсетілген жетістіктерін ескере отырып, Елшібаева Қалима Зәкірқызының «Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі» атты диссертациялық еңбегін диссертациялық кеңесте қорғауға дайын деп бағалаймын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

PhD доктор, профессор

Гүрер Гүлсевин

Prof.Dr. Gürer GÜLSEVİN

Ege Üniversitesi

Türk Dünyası Araştırma Enstitüsü

Türk Dili ve Lehçeleri Ana Bilim Dalı

Bornova - İzmir / TÜRKİYE

